Жалғыз Құрылтайшының
шешімімен
бекітілді
2022 жылғы 5 шілдеде

"CSE ASIA LOGISTICS"
ЖАУАПКЕРШІЛІГІШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ

СМОТРИТЕ
НА ОБОРОТЕ

"CSE ASIA LOGISTICS" жауапкершілігі шектеулі Серіктестігі (бұдан әрі-**Серіктестік)** Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады.

Серіктестік жалғыз қатысушысы (бұдан әрі-«Қатысушы») келесі болып табылады:

Қазақстан Республикасының заңнамасыға сәйкес бойынша құрылған және әрекет ететін **"KTS ASIA HOLDING"** жауапкершілігі шектеулі Серіктестігі, БСН 220540035065, тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50, банктік деректемелері: ЖСК KZ3394806KZT220337309, «Еуразиялық банк» АҚ, БСК EURIKZKA.

1. АНЫҚТАМАЛАР

Осы Жарғыда қолданылатын және осы Жарғыда өзгеше айқындалмаған, бас әріппен жазылған әрбір термин келесі мағыналарға ие:

«Серіктестіктің Үлестес тұлғасы» Заңнамаға сәйкес Серіктестіктің үлестес тұлғасы болып табылатын кез келген тұлғаны білдіреді.

"Қатысу үлесі" Серіктестіктің Жарғылық капиталындағы және мүлкіндегі қатысу үлесін білдіреді.

"Заңнама" белгіленген тәртіпте қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығын білдіреді, соның ішінде Конституцияны, конституциялық заңдарды, кодекстерді, заңнамалық актілерді, Президент жарлықтарын, Парламент және оның Палаталарының нормативтік қаулыларын, Үкіметтің нормативтік қаулыларын, Конституциялық Кеңестің, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын, министрлердің нормативтік бұйрықтарын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы өзге де нормативтік құқықтық актілерін білдіреді.

"Коммерциялық құпия" 17.1-Баптағы аталған термин үшін белгіленген мағынаға ие.

"Қадағалау кеңесі" Серіктестіктің қадағалау органын білдіреді.

"Жауапты тұлғалар" 17.1-Бапта аталған термин үшін белгіленген мағынаға ие.

"Жұмыс күні" Заңнамаға сәйкес мерекелік немесе демалыс күні болып саналмайтын күнтізбелік күнді білдіреді.

"Қатысушының шешімі (Шешімдері)" Қатысушының Құрылтай құжаттарының талаптарын сақтай отырып қабылдайтын шешімін/шешімдерін білдіреді.

"Теңге " Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгені білдіреді.

"Жарғылық капитал" Серіктестіктің жарғылық капиталын білдіреді.

"Қатысушы" 100% қатысу Үлесін иеленен Серіктестіктің жалғыз қатысушысын білдіреді.

"Жарғы" оған ұдайы түрде енгізілген өзгертулер және/толықтыруларды есепке алғанда, осы Жарғыны білдіреді.

"Қатысушының құрылтай құжаттары" Қатысушының Құрылтай шарты мен Жарғысын білдіреді.

Егер өзгеше көзделмеген болса, осы Жарғыдағы "Бапқа" немесе "тармаққа" жасалатын кез келген сілтеме осы Жарғының баптары мен тармақтарына жасалған сілтеме болып табылады.

2. ФИРМАЛЫҚ АТАУЫ ЖӘНЕ МЕКЕНЖАЙЫ

2.1. Серіктестіктің толық ресми фирмалық атауы:

мемлекеттік тілде:	"CSE ASIA LOGISTICS" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
орыс тілінде:	Товарищество с ограниченной ответственностью "CSE ASIA LOGISTICS";
ағылшын тілінде:	CSE ASIA LOGISTICS Limited Liability Partnership

2.2. Серіктестіктің қысқаша ресми фирмалық атауы:

Мемлекеттік тілде:	"CSE ASIA LOGISTICS" ЖШС;
орыс тілінде:	ТОО "CSE ASIA LOGISTICS";
ағылшын тілінде:	CSE ASIA LOGISTICS LLP

2.3. Серіктестіктің орналасқан жері және заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050050, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 169.

3. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестік түрінде құрылған заңды тұлға болып табылады. Серіктестік коммерциялық ұйым болып табылады.

3.2. Серіктестік шектелмеген мерзімге құрылды.

3.3. Серіктестік толығымен тәуелсіз және өзін-өзі басқаратын шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылады, өзінің меншікті мүлкі бар және өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікті көтереді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттемелерді сатып ала алады және жүзеге асыра алады, сондай-ақ сотта талапкер немесе жауапкер бола алады.

3.4. Серіктестіктің фирмалық атауы, жеке теңгерімі, банктік шоттары мен мөрі бар. Серіктестіктің сондай-ақ қазақ, орыс, ағылшын және өзге де тілдерде мөртабаны, бланкілері, өзінің меншікті логотипі мен басқа да ерекше белгілері бар.

3.5. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқықтарға ие.

3.6. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлікпен жауапкершілікті көтереді және өз Қатысушыларының міндеттемелеріне жауап бермейді.

3.7. Серіктестіктің өз қызметіне байланысты барлық құқығы бар және оған байланысты, Заңнамада тыйым салынбаған кез келген қызмет түрлерін жүзеге асыруға қажет міндеттерді орындайды.

4. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

4.1. Серіктестік қызметінің негізі мақсаты – оның Қатысушылары үшін таза кіріс алу болып табылады.

4.2. Серіктестіктің негізгі қызмет түрлері:

(1) Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау;

(2) Жүктерді көлікпен өңдеу;

(3) Өзге де қосалқы көлік қызметі;

(4) Көлік-экспедиторлық қызметтер;

(5) Көліктегі техникалық қадағалау;

(6) Өзге де көліктік-экспедиторлық қызмет;

(7) Жүктерді қоймалау мен сақтау;

(8) Қосалқы көлік қызметі;

(9) Жеделдетілген және курьерлік пошта қызметтері (курьерлерді қолданып көрсетілетін пошталық жөнелтілімдерді тасымалдау және табыстау бойынша пошталық байланыс қызметтері, сондай-ақ пошталық жөнелтілімдерді жеделдетілген өңдеу, тасымалдау, жеткізу және/немесе табыстау режимімен байланысты пошталық байланыс қызметтері);

(10) Өзге де пошталық және курьерлік қызмет.

(11) Делдалдық және өкілдік қызметтер көрсету;

(12) Сыртқы экономикалық қызметті, сонымен қатар экспорттық-импорттық қызметтерді жүзеге асыру;

(13) Жеке және заңды тұлғаларға жарнамалық, ақпараттық, консультациялық және өзге де қызметтерді ұсыну;

(14) Көтерме және бөлшектік сатып алу және сатуды, сондай-ақ комиссиялық мәмілелерді жүзеге асыру;

(15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыру болып табылады.

4.3. Серіктестік Заңнамада тыйым салынбаған кез келген басқа қызметті, соның ішінде дистрибьюторлық қызметті, сондай-ақ кез келген жұмыс (қызметтер) түрін орындауды (көрсетуді) жүзеге асыра алады.

4.4. Егер қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат (лицензия) қажет болса, Серіктестік тиісті рұқсатты (лицензия) алғаннан кейін ғана аталған қызмет түрін жүзеге асырады.

5. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Әр Қатысушы:

(1) Құрылтай құжаттарында және Заңнамада көзделген тәртіпте Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;

(2) Серіктестік қызметінен келіп түскен таза кірісті үлестірген кезде дауыс беруге және оның кірісін алуға, яғни Заңнамаға, Құрылтай құжаттарына және Жалпы жиналыстың шешімдеріне сәйкес таза кірістен өз үлесін алуға;

(3) кез келген уақытта Серіктестік қызметіне байланысты ақпарат алуға және осы Жарғыда көзделген тәртіпте оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;

(4) Серіктестік мүлкінің жай-күйі туралы ақпарат алуға;

(5) Заңнамада және Құрылтай шартымен көзделген тәртіпте өзінің Қатысу үлесін иеліктен шығара отырып, Серіктестікке өзінің қатысуын тоқтатуға;

(6) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе барлық Қатысушының келісімі бойынша осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;

(7) өзінің Заңнамада және (немесе) осы Жарғыда көзделген құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдерін сот тәртібінде даулауға құқылы.

5.2. Қатысушының Заңнамада және Құрылтай құжаттарында көзделген басқа да құқықтары бар болуы мүмкін.

5.3. Әр Қатысушы:

(1) Құрылтай шартына және Жарғыға сәйкес қабылданған міндеттерді орындауға;

(2) Құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімдерде Жарғылық капиталға салым енгізуге;

(3) Серіктестік құпия деп жариялаған және/немесе Коммерциялық құпияға жатқызылған мәліметтерді ашып көрсетпеуге;

(4) Бас директорды, сондай-ақ Серіктестік Қатысушыларының тізілімі жүргізілген жағдайда орталық депозитарийді өзінің атауы, орналасқан жері, мекенжайы және банктік деректемелері (егер Қатысушы заңды тұлға болса) немесе аты, тұрғылықты жері туралы ақпараттың және жеке басын куәландыратын құжат деректерінің (егер Қатысушы жеке тұлға болса) өзгертілгені туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

5.4. Қатысушы Заңнамада және Құрылтай құжаттарында көзделген басқа да міндеттерді орындауы мүмкін.

6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

6.1. Серіктестіктің Жарғылық капиталы 306 300 (Үш жүз алты мың үш жүз) теңгені құрайды.

6.2. Қатысушылар Жарғылық капиталды келесі тәсілдердің бірімен толық төлегеннен кейін ғана ұлғайта алады:

(1) қосымша салым салу арқылы;

(2) Серіктестік капиталы (меншікті капитал) есебінен, соның ішінде оның сақтық капиталы (бар болса) есебінен;

(3) жаңа қатысушылардың қосымша салым салуы арқылы.

6.3. Жарғылық капиталдың кез келген ұлғайтылуы Заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

6.4. Жарғылық капиталға салымның және басқа да салымның салынуы және бағалау тәртібі, сондай-ақ мұндай салымның уақтылы салынбау салдары Құрылтай шартында және Заңнамада реттеледі.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

7.1. Серіктестік келесілердің есебінен құрылған мүліктің меншік иесі болып табылады:

(1) Қатысушылардың Жарғылық капиталдағы салымдары;

(2) Серіктестікпен алынған кірістер; және

(3) Заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер.

7.2. Серіктестік мүлкі оның теңгерімінде ескеріледі.

8. СЕРІКТЕСТІКТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

8.1. Серіктестік органдары келесілер болып табылады:

(1) жоғары орган – Қатысушы;

(2) бақылаушы орган-Қадағалау кеңесі;
(3) атқарушы орган – Бас директор.

8.2. Жалпы жиналыстың шешімі бойынша Серіктестікте өзге де органдар құрылуы мүмкін, мұндай жағдайда Заңнамада талап етілгендей, Құрылтай құжаттарына тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізілетін болады.

9. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫСЫ

9.1. Серіктестіктің жоғарғы органы Қатысушы болып табылады.

9.2. Қатысушының айрықша құзыретіне келесілер жатады:

(1) Серіктестік Жарғысын өзгерту, соның ішінде Серіктестіктің орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту немесе Серіктестік Жарғысын жаңа редакцияда қабылдау;

(2) Серіктестіктің Жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту;

(3) Серіктестіктің Бас Директорын сайлау (тағайындау) және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, құзыреттілігін, оның өкілеттік мерзімін анықтау;

(4) Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің мүшелерін сайлау, санын, құзыретін, өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Қадағалау кеңесінің өкілеттігін өзгерту, Қадағалау кеңесі (ол құрылған кезде) мүшелерінің өз міндеттерін орындауына байланысты сыйақы немесе шығыстың өтелетін мөлшерін анықтау;

(5) Серіктестіктің қаржылық есептілігін бекіту;

(6) Серіктестіктің таза кірісін бөлу, соның ішінде оның Қатысушыларына төлемдердің мөлшері мен мерзімдерін анықтау;

(7) Серіктестіктің өзге де заңды тұлғаларға, соның ішінде коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

(8) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және тарату туралы шешім, олар туралы ережені бекіту және Серіктестік филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындау;

(9) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға табыстау және осылай табыстау шарттарын белгілеу;

(10) Серіктестікті қайта құру туралы шешім;

(11) Серіктестікті тарату туралы шешім;

(12) Серіктестіктің тарату комиссиясын тағайындау мен тарату теңгерімдерін бекіту;

(13) Заңнамаға сәйкес Қатысушының қатысу Үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

(14) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беру туралы шешім;

(15) Заңнамамен көзделген тәртіпте, Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарна салу туралы шешім;

(16) нәтижесінде Серіктестікпен құны 51 (елу бір) және Серіктестік активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен көп пайызды құрайтын мүлік иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе барлығы бірге өзара байланысты мәмілелерді бекіту;

(17) Серіктестікке аудит жүргізу үшін аудиторлық фирманы (аудиторды) таңдау және бекіту, тәуелсіз аудитор қызметтерінің төлемі мөлшерін анықтау;

(18) Қадағалау кеңесі туралы Ережені бекіту;

(19) осы Жарғыда бекітілуі Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, ішкі ережені, оларды қабылдау рәсімдерін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

(20) Серіктестіктегі Қатысушыларға және Қатысу үлестерін сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

(21) Серіктестіктің сақтық капиталы мен өзге де қорларын құру туралы шешім, сақтық капитал мен басқа да қорларды құру мөлшерін, шарттарын және аударымдардың сомасын, Серіктестіктің сақтық капиталы мен өзге де қаражатын пайдалану тәртібі мен мақсаттарын анықтау;

(22) Серіктестік немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңда қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты анықтау, сондай-ақ оны ашып көрсету және табыстау тәртібін анықтау;

(23) Заңнамада, Жарғыда немесе Қатысушының Шешімімен Қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

9.3. Қатысушының осы Жарғыда белгіленген өкілеттігі көлеміне қарамастан, Қатысушы Серіктестік қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға құқылы.

9.4. Қатысушы Қадағалау кеңесіне, Серіктестіктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Серіктестіктің басқа органдарының кез келген шешімін табыстауға құқылы.

9.5. Егер Заңнамада өзгеше көзделмесе, Қатысушы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге де органдарының кез келген шешімін қабылдамауға құқылы.

9.6. Қатысушының осы Жарғының 9.2.-9.5 Баптарымен көзделген шешімдері, Қатысушының Құрылтай құжаттарының талаптарын сақтай отырып қабылданады.

10. АТҚАРУШЫ ОРГАН

10.1. Серіктестіктің атқарушы органы Бас директор болып табылады. Бас директордың Заңнамада және Құрылтай құжаттарында көзделгендей, Серіктестіктің ағымдағы қызметін басқаруға жауапты және оның жүзеге асыруға өкілеттігі бар.

10.2. Бас директордың құзыретіне Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын, Заңнамада, Құрылтай құжаттарында немесе ережеде және Қатысушымен қабылданған өзге де құжаттарда анықталған Серіктестік қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселесі, соның ішінде басқалармен қатар келесі мәселелер жатады:

(1) мән-жайларға байланысты Қатысушы және Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындау немесе орындалуын ұйымдастыру;

(2) Серіктестіктің бизнес-жоспарының, есеп саясатының, сондай-ақ Серіктестіктегі төлем жүйесінің жобаларын дайындау және оларды Қадағалау кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсыну;

(3) Құрылтай құжаттарында бекітілуі аталған органдардың құзыретіне жатқызылған ішкі ереженің жобаларын және басқа да құжаттарды Қатысушының және Қадағалау кеңесінің бекітуіне дайындау және ұсыну;

(4) Серіктестіктің қаржылық-шаруашылық қызметі туралы жылдық, жартыжылдық, тоқсандық және ай сайынғы есептерді оның талап етуі бойынша Қаиысушының қарауына және бекітуіне дайындау және ұсыну;

(5) Қатысушының қарауына оның талап етуі бойынша Серіктестіктің ағымдағы шығымдарының сметалық жобаларын және ақша қаражаттарының қозғалыс болжамын дайындау және ұсыну;

(6) Заңнамаға немесе Құрылтай құжаттарына сәйкес Қатысушының айрықша құзыретіне жататын кез келген мәселелер бойынша ұсыныстарын немесе ұсынымдарын әзірлеу және Қатысушының қарауына және бекітуіне ұсыну;

(7) Заңнамаға немесе осы Жарғыға сәйкес Қадағалау кеңесінің құзыретіне жататын кез келген мәселелер бойынша ұсыныстарды немесе ұсынымдарды Қадағалау кеңесінің бекітуі мен қарауына дайындау және ұсыну;

(8) Заңнамамен көзделген тәртіпте, Қатысушыға қаржылық есептілікті, Қатысушының шешімі мен басқа да құжаттамаларын сақтау және танысу үшін ұсыну;

(9) барлық Қатысушыларға сотта корпоративтік дауға қатысты істің қозғалғаны туралы хабарлау;

(10) Серіктестіктің штаттық кестесін бекіту;

(11) Серіктестікпен осы Жарғының 11.4. бабында көзделген, шектеулерді сақтай отырып, бір жиынтықта құны 2 250 000 (Екі миллион екі жүз елу мың) теңгеден асатын мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер топтамасын жасасу.

10.3. Бас директор Қатысушыға және Қадағалау кеңесіне (Қадағалау кеңесінің құзыреті шегінде) есеп береді.

10.4. Бас директор Қатысушымен 2 (екі) жыл мерзіміне сайланады. Бас директор егер Заңнамамен немесе Жарғымен өзгеше көзделмесе, шектеусіз ретпен қайта сайлана алады.

10.5. Бас директор:

(1) Қазақстан Республикасында да, сонымен қатар оның шегінен тыс жерлерде де Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оны кез келген үшінші тұлғалардың алдында ұсына алады;

(2) Серіктестіктің өкілі болу құқығына сенімхаттар, соның ішінде қайта сенім білдіру құқығы бар сенімхаттар береді;

(3) Серіктестік қызметкерлеріне қатысты өз құзыреті шегінде оларды лауазымға тағайындау туралы, басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін әзірлейді, лауазымдық жалақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, ынталандыру шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

(4) Серіктестіктің барлық қызметкері орындау үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

(5) Қатысушы және Қадағалау кеңесі алдында Серіктестік мүлкінің қозғалысы, кірістері мен шығыстары туралы есеп береді;

(6) Серіктестіктің банктік шоттарымен операциялар жасау кезінде барлық төлем және өзге де құжаттарына бірінші қол қою құқығымен Теңгеде және шетел валютасында банктік шоттар ашады, ақшаны алу, шоттарға ақша салу, ішкі төлемдерді жүргізу, Серіктестіктің банктік шоттарының жай-күйі туралы барлық қажетті ақпараттарды алу құқығымен, ашылған банктік шоттарды басқарады, оған иелік етеді және Серіктестіктің банктік шоттарын жабады;

(7) Заңнамамен, осы Жарғымен және Қатысушы Шешімдерімен белгіленген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

10.6. Бас директорға келесілерге тыйым салынады:

(1) Жалпы жиналыстың келісімінсіз Серіктестікпен одан қандай да бір мүліктік пайда (соның ішінде сыйға тарту, қарыз, тегін пайдалану, сатып алу-сату және т. б. шарттары) алуға бағытталған мәмілелер жасау;

(2) Серіктестіктің өзінен де, үшінші тұлғалардан да Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған кез келген мәмілелері үшін комиссиялық сыйақы алу;

(3) олардың Серіктестікпен қарым-қатынасына қатысты үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүддесінде сөз сөйлеу;

(4) Серіктестік қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру; және

(5) Осы Жарғыға сәйкес Қатысушы мен Қадағалау кеңесінің алдын ала шешімін немесе мақұлдауын талап ететін, осындай шешімсіз немесе мақұлдаусыз әрекеттер немесе мәлілелерді жүзеге асыру.

10.7. Жарғының 10.6-бабы (1)-(3) тармақтарында көзделген шектеулер, сондай-ақ Бас директордың жұбайына, барлық тікелей алыс-жақын туыстарына, сондай-ақ туған аға-інілері мен апа-қарындастарына да қолданылады.

10.8. Бас директор Заңнамаға сәйкес кез келген Қатысушылардың талап етуімен олармен Серіктестікке келтірген залалға қатысты жауапқа тартылуы мүмкін.

11. ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ

11.1. Қадағалау кеңесі Қатысушының Құрылтай құжаттарына сәйкес Қатысушымен 3 (үш) жыл мерзіміне сайланады және тұрақты әрекет ететін алқалық орган болып табылады.

11.2. Қадағалау кеңесі Қатысушыға есеп береді және оның Шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Қадағалау кеңесі отырысының қызмет тәртібі, шақырылуы мен өткізілуі, соның қатар сырттай, сонымен бірге ондағы дауыс берулер Қатысушымен бекітілетін Қадағалау кеңесі туралы Ережемен белгіленеді.

11.3. Қадағалау кеңесі 2 (екі) мүшеден құралады, оның құрамына Қатысушының Құрылтай құжаттарымен көзделген тәртіпте сайланатын Қадағалау кеңесінің Төрағасы кіреді.

Қадағалау кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана өзін ұсына алады. Ол бір уақытта Бас директор немесе оның қарамағындағы тұлға болмауы тиіс.

11.4. Қадағалау кеңесінің құзыретіне келесілер жатады:

(1) Бас директордың ұсынуы бойынша Серіктестіктің бизнес-жоспарларын, бюджетін ұсыну, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

(2) Бас директор және Серіктестіктің басшы қызметкерлері үшін қызметтік жалақы, дербес үстеме ақы жән сыйлықақы мөлшерін бекіту;

(3) Бас директор мен Серіктестіктің басқа басшы қызметкерлерінің негізгі тиімділік көрсеткіштерін бекіту;

(4) Нәтижесінде Серіктестіктің 2 250 000 (Екі миллион екі жүз елу мың) теңгеден асатын сомада, алайда осындай мәмілелер тікелей Заңнамамен Қатысушының құзыретіне жатқызылатын жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің 51 % (елі бір пайыз) құрайтын сомадан аспайтын мүлкі иеліктен шығарылатын Серіктестіктің бір немесе бірнеше өзара байланысты мәмілелерін мақұлдау;

(5) осындай шешім тікелей Заңнамамен және осы Жарғымен Қатысушының құзыретіне жататын жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің мүлкін кепілге беру туралы шешім; Серіктестіктің мүлкі есебінен міндеттемені орындауды қамтамасыз етудің кез келген басқа тәсілдерін ұсыну туралы шешім;

(6) Серіктестікпен кез келген қарыз және несие алу және ұсыну туралы шешім;

(7) Серіктестіктің Үлестес тұлғаларымен жасалатын мәмілелерді мақұлдау;

(8) Серіктестіктің негізгі шаруашылық қызметі үшін қолданылатын көлік құралдары мен өзге де активтерді сатып алу немесе иеліәктен шығару бойынша мәмілелерді мақұлдау;

(9) Қатысушының бекітуіне кезекті ұсыну бойынша, Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің аудитін жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау;

(10) Серіктестіктің есеп саясатын, Серіктестіктегі еңбекақы төлеудің ұйымдастыру құрылымы мен жүйесін бекіту;

(11) Серіктестікпен көрсетілетін қызметтерге баға саясаты мен тарифтерді бекіту;

(12) Серіктестіктің еншілес ұйымдарына қатысты қатысушының (акционер) қызметін жүзеге асыру, сонымен қатар Серіктестіктің еншілес ұйымдарының қызмет мәселесі бойынша қатысушы (акционер) атынан шешімдер қабылдау;

(13) Қатысушы Шешімдерімен көзделген басқа да мәселелер.

11.5. Қадағалау кеңесі отырысындағы кворум, егер отырысқа Қадағалау кеңесінің барлық мүшелері, соның ішінде байланыс құралдары (телефон конференциясы, бейне конференция) арқылы дауыс беруге арналған бюллетендерге қол қойып қатысатын болса сақталған болып есептеледі.

11.6. Дауыс беру кезінде Қадағалау кеңесіндегі әр мүше бір дауысқа ие.

11.7. Қадағалау кеңесінің құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімдер бірауыздан қабылданады.

11.8. Қадағалау кеңесінің төрағасы Қадағалау кеңесінің жұмысын басқарады, Қадағалау кеңесі отырысының өткізіліуін ұйымдастырады, оған төрағалық етеді және Қадағалау кеңесі отырысының хаттамаларына қол қояды, сонымен қатар Қадағалау кеңесінің шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

11.9. Қадағалау кеңесі Қадағалау кеңесінің Төрағасымен, қажет болуына қарай, алайда тоқсанына бір реттен сирек емес түрде шақырылады. Қадағалау кеңесінің кез келген мүшесі Қадағалау кеңесі отырысын шақыруға құқылы. Қадағалау кеңесінің отырысы Қатысушының немесе Бас директордың бастамасы бойынша шақыртылуы мүмкін.

11.10. Қадағалау кеңесінің кез келген отырысына қатысты хабарламаларға қатысты келесі талаптар қолданылады:

(1) Қадағалау кеңесінің әр отырысы туралы (**«Қадағалау кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама»**) отырыстың өткізілетін уақыты мен орны көрсетіліп Қадағалау кеңесінің әр мүшесіне кемінде 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда жіберіледі. Бұл ретте, хабарламада күн тәртібі, қарау құжаттары қоса тіркеледі, онда туындаған мән-жайлар жеткілікті әрі ықтимал толық дәрежеде отырыстың мәні және отырыста қарауға жатқызылатын кез келген мәселе баяндалады;

(2) Отырысқа қатысты хабарламалар мен құжаттар Қадағалау кеңесінің мүшелері Серіктестікке жазбаша хабарлайтын пошталық немесе электрондық мекенжайлар бойынша жіберіледі.

12. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ІШКІ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН ҚҰЖАТТАРДЫ БЕКІТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ РӘСІМДЕРІ

12.1. Осы Жарғыда бекітілуі Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, ішкі ереже, оларды қабылдау рәсімі және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттар Қатысушы Шешімдерімен бекітіледі.

13. ЕСЕП, ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТ

13.1. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті әзірлеу Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

13.2. Серіктестік Жалпы жиналыстың шешімі бойынша Серіктестіктің бухгалтерлік есебін жүргізудің және қаржылық есептілігін әзірлеудің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін сыртқы аудиторды немесе аудиторлық ұйымды тарта алады.

Серіктестікте аудитор немесе тексеру комиссиясы (ревизор) болмаған кезде, қаржылық есептілікті тексеруді Қадағалау кеңесі (ол құрылған кезде) жүргізеді.

14. ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ЖӘНЕ ЗАЛАЛДЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ

14.1. Серіктестікпен оның тоқсан, жартыжыл немесе бір жыл ішіндегі нәтижелері бойынша алынған таза кірісті бөлу Қатысушының Шешіміне сәйкес жүргізіледі. Таза кіріс Қатысушыға оның өкімдеріне сәйкес төленеді. Төлем Серіктестікпен ақшалай нысанда, таза кірісті бөлу туралы Қатысушымен Шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде жүзеге асырылады.

14.2. Жарғылық капитал толық төленгенге дейін Серіктестік таза кірісті Қатысушылар арасында бөлуге құқылы емес.

14.3. Қатысушы кез келген қаржы жылы ішінде Қатысушыларға таза пайданың немесе оның бір бөлігінің үлестірілуін жүзеге асырмау туралы шешім қабылдауға құқылы.

14.4. Қатысушы әртүрлі қорлардың құрылуын және мұндай қорларға таза кірістің аударылуын мақұлдай алады.

14.5. Егер бұл Заңнамада тыйым салынбаған болса, Қатысушы Қатысушыға Серіктестіктің таза кірісінен (Серіктестіктің бөлінбеген пайдасы не болмаса сақтық капиталы есебінен, ол бар болса) өзге көздерден ақшалай қаражаттың бөлінуін мақұлдауға құқылы. Мұндай бөлу Қатысушының Шешімдеріне сәйкес жүргізіледі.

14.6. Егер Серіктестіктің залалы болса, онда аталған залал Серіктестіктің ақшасы және өзге де активтері, соның ішінде оның сақтық капиталы мен өзге де қорлары есебінен өтеледі.

15. СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАР

15.1. Егер Заңнамамен өзгеше көзделмесе, Жарғылық капиталдағы өз салымы шегінде ғана Серіктестік қызметімен байланысты залал тәуекелін көтереді және Серіктестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

15.2. Жарғылық капиталға өз салымын толық салмаған Қатысушы Серіктестіктің міндеттемелеріне Жарғылық капиталға салым салынбаған бөлігінің құны шегінде ортақ жауап береді.

15.3. Осы Жарғыда немесе Қатысушы немесе Серіктестік атынан тиісінше қол қойылған басқа жазбаша құжатта арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, ешқандай жеке немесе заңды тұлға Қатысушы немесе Серіктестік атынан әлдекімнің есебінен не болмаса қандай да бір жолмен қандай да бір өкілеттікке ие бола алмайды және өзін өкілетті деп санамауы тиіс.

15.4. Қатысушы Серіктестіктің құқықтарын, сонымен қатар қатысушы құрамы өзгерген кезде, қатысу Үлесін басымдықпен сатып алу құқығын сақтауға міндетті.

16. ҚҰЖАТТАРДЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

16.1. Қатысушының талап етуі бойынша Серіктестік оған қызметі туралы кез келген сұратылған ақпаратты, сондай-ақ кез келген құжаттардың көшірмелерін немесе Серіктестіктің қызметіне қатысты кез келген құжаттармен танысу үшін Серіктестікке мұндай талап келіп түскен күннен бастап 5 (бес) Жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті. Серіктестік қызметтік, коммерциялық немесе заңда қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты (құжаттаманы) бұдан кейін мұндай ақпараттың (құжаттаманың) жария етілуін және (немесе) ұсынылуын болдырмау үшін қажет етілетін шараларды қолдануды және шарттарды сақтауды ескере отырып ұсынады.

16.2. Серіктестік қызметі туралы ақпаратты Қатысу үлесін сатып алушыға ұсыну онымен жасалған Қатысу үлесін сатып алу туралы келісімді ескере отырып жүзеге асырылады. Егер Серіктестіктегі Қатысу үлесін сатып алу туралы келісімде өзгеше белгіленбесе, Серіктестік Қатысу үлесін сатып алушыға өз қызметі туралы ақпаратты, Бас директормен қатысу Үлесі сатып алынатын Қатысушымен келісім бойынша белгіленген көлемде ұсынады. Бұл ретте Қатысу үлесін сатып алушы Серіктестікпен ұсынылатын ақпаратты (құжаттарды) жария етпеу туралы келісім жасауға міндетті.

16.3. Бас директор барлық Қатысушыларды корпоративтік дау бойынша, Серіктестікпен тиісті сот хабарламасы немесе сотқа шақырту алынған күннен бастап жеті Жұмыс күнінен кешіктірмей сот процесін қозғау туралы хабардар етуге міндетті.

16.4. Серіктестік Заңнамаға немесе Жарғыға сәйкес жариялануы талап етілетін өз қызметі туралы ақпаратты "Заң Газеті" және "Юридическая газета" газеттерінде немесе Серіктестіктің ресми интернет-ресурстарында жариялайды.

16.5. Серіктестік өзінің Үлестес тұлғаларының есебін олар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті. Серіктестіктің Үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өздерінің үлестес тұлғалары

туралы мәліметтерді Серіктестікке ұсынуға міндетті. Серіктестіктің Үлестес тұлғалары туралы мәліметтер коммерциялық немесе заңда қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

17. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰПИЯ

17.1. Серіктестік Қатысушылары, барлық органдарының мүшелері, сондай-ақ Серіктестіктің өзге де лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері (бірлесіп **"Жауапты тұлғалар"**) Серіктестіктің коммерциялық құпиясы (**"Коммерциялық құпия"**) Серіктестік жариялаған мәліметтерді жария етпеуге міндетті. Егер Қатысушы Шешімімен немесе Заңнамада өзгеше белгіленбеген болса, осы Жарғының мақсаттары үшін келесі құжаттар коммерциялық құпия деп табылады:

(1) Серіктестікпен жасалатын мәміле шарттары,

(2) Серіктестікпен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуға және өткізуге (орындау, көрсету) қатысты талаптар;

(3) Серіктестікпен шарттық қарым-қатынастары бар және (немесе) Серіктестікке қызмет көрсету үшін өтініш білдіретін заңды және жеке тұлғалардың деректері;

(4) Серіктестік қолданатын баға белгілеу әдістері;

(5) Серіктестікпен пайдаланылатын" ноу-хау", өндіріс технологиялары;

(6) Серіктестіктің коммерциялық саясаты, сондай-ақ Серіктестікпен жүргізілетін нарықты зерттеу нәтижелері;

(7) Жалпы жиналыстың Коммерциялық құпия шешімімен анықталған басқа да ақпараттары.

17.2. Жауапты тұлғалар Коммерциялық құпияның ашып көрсетілуіне келесі жағдайда жауап бермейді:

(1) егер Коммерциялық құпия олармен ашылғанға дейін жалпыға мәлім болса немесе атанса;

(2) егер Коммерциялық құпия олармен ашылғаннан кейін, алайда осы Жарғыда көзделгендей оны жария етпеу бойынша міндеттеменің бұзылу салдарына байланысты емес жағдайда жалпыға мәлім болса;

(3) егер Коммерциялық құпияны ашу Заңнама бойынша талап етілсе;

(4) егер Коммерциялық құпия банкке немесе Серіктестік немесе Қатысушы қаржылай қаражат алатын кез келген басқа қаржылық ұйымға ұсынылған болса, бұл ретте банк немесе қаржылық ұйым осы ақпаратты құпия ретінде қарауға міндеттенеді;

(5) егер Коммерциялық құпия заңды, қаржылық, салық кеңесшілеріне, Серіктестіктің бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілеріне ұсынылған болса, тиісті кеңесшілер осы ақпаратты құпия ретінде қарауға міндеттенеді.

18. СЕРІКТЕСТІКТІ ҚАЙТА ҚҰРУ

18.1. Серіктестікті қайта құру, Заңнамамен көзделген тәртіпте қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару немесе қайта құру арқылы жүзеге асырылады.

18.2. Серіктестікті қайта құру Заңнамада көзделген тәртіпте Жалпы жиналыстың шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Заңнамада белгіленген жағдайларда Серіктестікті бөлу немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше Серіктестікті бөліп шығару түрінде қайта құру

уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша немесе сот шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Заңнамада белгіленген жағдайларда Серіктестікті біріктіру немесе қосу түрінде қайта құру уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

18.3. Егер заңнамалық актілерде немесе қайта құру туралы шешімде өзгеше көзделмесе, қайта құрылған Серіктестіктің мүлкі (олардың) тіркелген сәтте оның мұрагерлеріне (құқықтық мирасқорларына) ауысады.

18.4. Серіктестік қосылған, қайта құрылған немесе біріктірілген кезде оның құқықтары мен міндеттемелері табыстау актісіне сәйкес жаңа заңды тұлғаларға немесе қосылатын заңды тұлғаға ауысады. Серіктестік бөлінген кезде, оның барлық құқығы мен міндеттерін бөлу теңгеріміне сәйкес жаңадан құрылған заңды тұлғаларға ауысады. Серіктестіктен бір немесе бірнеше заңды тұлға бөлінген кезде, құқықтар мен міндеттер бөлу теңгеріміне сәйкес олардың әрқайсысына ауысады.

18.5. Қайта құрудың барлық түріне қатысты табыстау актісі мен бөлу теңгерімі Қатысушы Шешімімен бекітіледі және Серіктестіктің барлық кредиторлары мен дебиторларына қатысты барлық міндеттемесін, соның ішінде тараптар даулайтын міндеттемелерді табыстау туралы ережеден тұрады.

18.6. Серіктестікті біріктіру түрінде қайта құру жағдайларын қоспағанда, жаңадан құрылған заңды тұлғалар тіркелген сәттен бастап қайта құрылған болып есептеледі. Заңды тұлғаға басқа заңды тұлғаны қосу арқылы оны қайта құру кезінде заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне қосылған заңды тұлғаның қызметін тоқтату туралы жазба енгізілген сәттен бастап олардың біріншісі қайта құрылды деп есептеледі.

19. СЕРІКТЕСТІКТІ ТАРАТУ

19.1. Серіктестік келесідей таратылуы мүмкін:

(1) еркін түрде – Қатысушының Шешімі бойынша;

(2) мәжбүрлі – Заңнамада көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша.

19.2. Серіктестікті тарату Қатысушымен (ерікті түрде таратылған жағдайда) тағайындалған немесе немесе сәйкесінше сотпен тағайындалған (мәжбүрлеп таратылған жағдайда) органмен (тұлғамен) тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

19.3. Серіктестікті тарату туралы Шешім қабылданған кезде, Қатысушы Заңнамаға сәйкес бұл туралы Мемлекеттік органдарды жазбаша түрде хабардар етеді, осыдан кейін тарату комиссиясы тағайындалады және сол сәтте қолданыстағы Заңнамаға сәйкес таратылатын мерзімі мен тәртібі белгіленеді.

19.4. Тарату комиссиясы өзі тағайындалған сәттен бастап Серіктестік істерін басқару жөніндегі барлық өкілеттікке ие. Тарату комиссиясы бұқаралық ақпарат құралдарында тарату туралы және талап қою тәртібі мен мерзімдері туралы хабарлама жариялайды, Серіктестіктің қолдағы мүлкінің құнын бағалайды, оның дебиторлары мен кредиторларын анықтайды және олармен өзара есеп айырысады, Серіктестіктің үшінші тұлғалар алдындағы борышын төлеуге шаралар қолданады, аралық және тарату теңгерімін жүргізеді және оларды Жалпы жиналыстың бекітуіне ұсынады.

19.5. Серіктестік кредиторларының талаптары, Заңнамада белгіленген тәртіпте және кезектілікпен қанағаттандырылады. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлік немесе оны сатудан түскен түсім Қатысушыға беріледі.

19.6. Серіктестік Заңнамаға сәйкес оның таратылуы тіркелгеннен кейін таратылған және өз қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

20. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

20.1. Серіктестіктің қызметін тоқтатуға Жарғының 17 және 18-баптарында көрсетілген негіздерден басқа келесі жағдайлар негіз болуы мүмкін:

(1) егер Жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері Заңнамада көзделген ең төменгі мөлшерден кем болса;

(2) егер Қатысушы Жарғылық капиталды Заңнамада белгіленген мерзімде құрмаса.

20.2. Жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері Заңнамада көзделген ең төменгі мөлшерден кем болған жағдайда, сондай-ақ егер Қатысушы оны Заңнамада белгіленген мерзімде құрмаса, онда Қатысушы бір жыл ішінде Жарғылық капиталға тиісті қосымша салым енгізуі тиіс. Өзге жағдайда, Серіктестік мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша сот шешімімен таратылуы тиіс.

21. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

21.1. Осы Жарғыда реттелмеген барлық мәселе Заңнамамен, осы Жарғымен, Серіктестіктің ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Серіктестік органдарының шешімдерімен реттеледі.

21.2. Серіктестік қатысушылар құрамының кез келген өзгерісі кезінде, иеліктен шығарылатын үлесті, соның ішінде Серіктестіктің өзімен басымдықпен сатып алу құқығы туралы талаптар сақталуы тиіс.

21.3. Осы Жарғы қазақ және орыс тілдерінде 4 (төрт) данада жасалды. Осы Жарғының қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаларының арасында қандай да бір сәйкессіздіктер немесе айырмашылықтар болған жағдайда, орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.

21.4. Осы Жарғы Заңнамада белгіленген тәртіпте, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясында ол мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАРЫ:

"KTS ASIA HOLDING" ЖШС

Қолы: Батенев Данил Александрович

Аты: Данил Александрович Батенев

Лауазымы: Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор

Қазақстан Республикасы Алматы қаласы Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Товарищество с ограниченной ответственностью KTS ASIA HOLDING город Алматы Республика Казахстан

Утвержден
Решением Единственного Учредителя
01 июля 2022 года

УСТАВ

ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

"CSE ASIA LOGISTICS"

Товарищество с ограниченной ответственностью "CSE ASIA LOGISTICS" (далее - "**Товарищество**") является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан

Единственным участником Товарищества (далее - "**Участник**") является:

Товарищество с ограниченной ответственностью "KTS ASIA HOLDING", созданное и действующее согласно законодательству Республики Казахстан, БИН 220540035065, зарегистрированное по следующему адресу: Республика Казахстан, город Алматы, улица Казыбек би, дом 50, банковские реквизиты: ИИК KZ3394806KZT220337309, АО «Евразийский банк», БИК EURIKZKA.

1. ОПРЕДЕЛЕНИЯ

Каждый термин, написанный с заглавной буквы, который используется в настоящем Уставе и который не определен в настоящем Уставе иным образом, имеет нижеследующее значение:

"**Аффилиированное лицо Товарищества**" означает любое лицо, которое является аффилиированным лицом Товарищества в соответствии с Законодательством.

"**Доля участия**" означает долю участия в Уставном капитале и имуществе Товарищества.

"**Законодательство**" означает совокупность нормативных правовых актов Республики Казахстан, принятых в установленном порядке, включая Конституцию, конституционные законы, кодексы, законы, нормативные правовые указы Президента, нормативные правовые постановления Парламента и его палат, нормативные правовые постановления Правительства, нормативные постановления Конституционного совета, Верховного суда, нормативные приказы министров и иных руководителей центральных государственных органов, другие действующие нормативные правовые акты Республики Казахстан.

"**Коммерческая тайна**" имеет значение, установленное для данного термина в Статье 17.1.

"**Наблюдательный совет**" означает наблюдательный орган Товарищества.

"**Ответственные лица**" имеет значение, установленное для данного термина в Статье 17.1.

"**Рабочий день**" означает календарный день, который не является праздничным днем или выходным днем в соответствии с Законодательством.

"**Решение (Решения) Участника**" означает решение/решения, принимаемые с соблюдением требований Учредительных документов Участника.

"**Тенге** " означает национальную валюту Республики Казахстан – тенге.

"**Уставный капитал**" означает уставный капитал Товарищества.

"**Участник**" означает единственного участника Товарищества, владеющего 100% (сто процентов) Долей участия.

"**Устав**" означает настоящий Устав с учетом периодически вносимых в него изменений и/или дополнений.

"**Учредительные документы Участника**" означает Учредительный договор и Устав Участника.

Любая ссылка в настоящем Уставе на "Статью" или "пункт" является, если иное не предусмотрено, ссылкой на статьи и пункты настоящего Устава.

2. ФИРМЕННОЕ НАИМЕНОВАНИЕ И АДРЕС

2.1 Официальное полное фирменное наименование Товарищества:

на государственном языке:	"CSE ASIA LOGISTICS" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
